

Генералдың Кубогына арналған еркін күрес жарысы

Бұл іс-шара Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі басқаруымен және ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы полиция полковнигі Мирлан Ахмедияұлы Қызыловтың тікелей қолдауымен алғашқы рет ұйымдастырылып өткізілді.

Жарыс 10 салмақ дәрежесінде өткізілді. Қатысқандардың арасында:

- Науырзым аудандық балалар жасөспірімдер спорт мектебінің (бұдан әрі –БЖСМ) директоры, ауданның құрметті тұрғыны, жоғары дәрежедегі ұлттық төреші С.Қ.Байдильдинов және ауданның бас жаттықтырушысы Н.Т. Серкебаев, Қарасу аудандық БЖСМ жаттықтырушысы Н.Е. Көшербаев, Сарыкөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы С.Н. Мусин, Рудный қаласының БЖСМ жаттықтырушысы, ҚР спорт шебері С.Х.Сарсенов және БЖСМ жаттықтырушысы, ҚР жұлдегері Т.К. Ершебаев, ҚМПИ еркін күрестен жаттықтырушы Н.С. Бекенов, еркін күрестен Еуропа ойындарының чемпионы, Қостанай облысының жасөспірімдер командасының бас жаттықтырушысы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері К.С. Маханбетов және Қостанай қаласының БЖСМ жаттықтырушысы К.У. Тапалов басқарған командалар болды.

Жарыстың салтанатты ашылуында ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы бастығының орынбасары полиция подполковнигі А.Ж. Нұрышев өз сөзінде қатысушыларға сәттілікті тілеп, жетістіктерге жетуге ниетін білдірді.

Жарыстың құрметті қонақтары спорт ардагері Жангабылов Кәрім-аға, шеберлер арасындағы самбо күресінен Әлем чемпионатының 2 дүркін қола жұлдегері Б.А. Құсдәулетов жылы сөз айтудан қалыс қалған жоқ.

Сонымен қатар аталған іс-шарада Шырақбек Қабылбаевтың өмірі мен қызметі туралы орыс тілінде күндізгі оқыту факультетінің 3 - курс тыңдаушысы Тельман Құдайберген және магистратура магистранты Әлия Исергеева ағылшын тілінде баяндамаларын жасады.

Жарыстың жанкүйерлер ретінде Босния-Герцеговинада өткен еркін күрестен Әлем чемпионатына қатысушы, Ахметжан Қазымбетовты еске алуға арналған республикалық турнирдің жеңімпазы, ҚР биылғы чемпионы Избасаров Ерден және Ахметжан Қазымбетовты еске алуға арналған республикалық турнирдің жеңімпаздары Шарибекова Индира мен Сиковская Инга, бәрі де республикалық олимпияда дайындығы орталығының құрамына енгізілді.

Төрешілер құрамының жұмысын жақсы атқарғанына байланысты жарыс жақсы денгейде өтті.

Жарыстың қорытындысы бойынша алынған орындар әр салмақ дәрежелері бойынша жеңімпаздар анықталып, тиісті орындарды иеленді.

Жеңімпаз-команда және жүлдегер командалар Кубоктармен марапатталды.

Жалпы командалық есепте 1 - орынды ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, 2 - орынды ҚМПИ командасы, 3 - орынды Науырзым ауданы командасы иеленді.

Айдарбек Ақылбеков
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы
Жауынгерлік және дене дайындығы кафедрасының
аға оқытушысы,
полиция полковнигі